

БӨЛІМ: АШЫҚ САБАҚТАР

"Арқаласпақ" қазақтың ұлттық ойыныЖАРИЯЛАНДЫ
28.04.2020СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/72492/>**Қазақтың ұлттық ойыны «Арқаласпақ»****Сабақтың мақсаты:****Білімділік:** Асық ойыны туралы түсінік терін кеңейту.**Дамытушылық:** Балаларға ұлттық ойындарды ойната отырып, тіл дамытуға көңіл аудару.**Тәрбиелік:** Балаларды ұлттық ойынға деген қызығушылығын ояту.**Міндеті:** Логикалық ойлау қабілеттерін дамыту, тез ойлауға баулу. Ұжымдыққа, ептілікке тәрбиелеу.**Қажетті заттар:** Ребустар, ою-өрнектер.**Сабақ түрі:** Ойын-сабақ**Сабақ барысы:**

«Бәйгеге түсіп жарыспай,

Жүйріктің бағы жанар ма?

Білім мен өнер жарысып,

Тәрбие, тәлім табар ма?

Бұл бәйге – ойдың бәйгесі.

Кім жүйрік ойға – сол алда», - дегендей ұйымдастырған оқу қызметі «Жарыс» ойын түрінде өтіледі және ең озық, ойлы топты анықтайды. Бүгінгі ойынға екі топ қатысады. Балалар топтардың аттарын өздері қояды. «Жарыста» ұлттық ойындар, ребустар, сұрақ-жауаптар болады.

-Олай болса, жарысымызды бастайық.

1-тапсырма: «Аяқталмаған мақал — мәтелдер»

Отансыз адам, ормансыз..... (бұлбұл)

Ата – ағаш, бала..... (жапырақ)

Туған жердей жер болмас.

Туған елдей (ел болмас)

2-тапсырма: «Арқаласпақ» ойыны.

Жіліктен шыққан сүйек,

Ойнаймыз біз шертіп.

Бәрімізге таңсық

Аты оның — асық.

Балаларға «Арқаласпақ» ойынының ережесі түсіндіріліп өтеді (асықтағы нөмірлер бойынша сұраққа жауап беріледі).

1-сұрақ: Қазір жылдың қай мезгілі?

Қазыр қыс мезгілі.

2-сұрақ: Қыстың қай айы?

Қаңтар айы.

3-сұрақ: Бүгін аптаның қай күні?

Бүгін сәрсенбі.

4-сұрақ: Біздің Отанымыз қандай?

Біздің Отанымыз – Қазақстан.

3-тапсырма: Ребус шешу (балалар ребусты шешіп, шыққан сөзге байланысты өлең оқиды).

Бірінші ребус: Алма, тышқан, алмұрт – суреттері.

(сөздердің бірінші әрпінен сөз шығарады – АТА)

Екінші ребус: Әтеш, жапырақ, есік – ӘЖЕ

4-тапсырма: «Теңге алу» ойыны

Шарты: Шеңбер бойынша теңге (сурет) қою. Ішкі жағында жануарларға қатысты суреттер. Балалар шеңбер бойынша ән қимылдарын көрсетіп жүреді, музыка тоқтатылады. Балалар суретті алып, сөздерді қазақ, орыс тілінде атайды.

5-тапсырма: «Ою-өрнектер» құрастыру.

Шарты: төрт бөлікке бөлінген оюдан бүтіндей ою шығару. Ол үшін тапсырманы орындау керек.

«Сөйлем құрастыр»

1-топ: «Мектепалды даярлық топ» тақырыбы бойынша.

-Біздің бөлме үлкен, жарық, таза, әдемі. Менің мында достарым көп.

2-топ: «Ойыншықтар» тақырыбы бойынша.

-Менде ойыншық қоян бар. Ойыншық қоян әдемі, үлкен, түсі ақ.

6-тапсырма: «Тай жарысы» ойыны.

Шарты: Әр топқа тапсырма беріледі.

1-топ: «Көк пен қызыл түсті асықтарды жина»

2-топ: «Сары мен жасыл түсті асықтарды жина»

Қорытынды:

- Балалар бүгін біз қандай ребус шештік?
- Қандай ұлттық ойын ойнадық?
- «Арқаласпақ» ойыны сендерге ұнады ма?

Күтілетін нәтиже:

Нені біледі: Логикалық ойындарды ойнауды біледі.

Нені меңгереді: Ұжыммен жұмыс жасауды, ептілікті, шапшаңдықты меңгереді.

Қорытынды: Балалардың білімін бағалау. Мадақтау.

КМ АА Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.